

**КІТАП
ОҚИТЫН ҰЛТ**



www.reading-nation.kz
reading-nation@yandex.kz
г. Астана, ул. Сарайшық 11

Общественный фонд «Кітап оқитын ұлт - Читающая нация»

«Кітап оқитын ұлт» жоба қатысушыларына арналған сайтқа тіркелу бойынша нұсқаулық

«Кітап оқитын ұлт» жобасына қош келдіңіз!

Бұл жоба сізге көбірек кітап оқуға, әсерлеріңізбен бөлісуге және қызықты байқауларға қатысуға көмектеседі.

Бастау үшін <https://reading-nation.kz> сайтында тіркелу және жеке кабинетіңізді ашу қажет. Жеке кабинет – бұл сіздің жеке бетіңіз, онда оқылған кітаптарды бақылауға, мақсат қоюға және жетістіктеріңізді көруге болады.

1-қадам: Тіркелуге дайындалыңыз

Бастамас бұрын мыналардың бар екеніне көз жеткізіңіз:

- Интернеті бар компьютер, планшет немесе телефон.
- Белсенді электрондық пошта (email), мысалы Gmail немесе Yandex (болмаса – mail.ru немесе gmail.com сайтында тегін жасай аласыз).
- Егер сіз бастауыш сынып оқушысы болсаңыз – ата-анаңыздан көмек сұраңыз.

2-қадам: Тіркелу бетіне өтіңіз

1. «Тіркеу» деген тақырыппен бет ашылады. Онда толтыруға арналған форма — сауалнама болады.

3-қадам: Тіркелу формасын толтырыңыз

Форма қарапайым, жоғарыдан төмен қарай толтырылады. Міндетті өрістер * белгісімен белгіленген.

Кеңес: Абайлап, қатесіз толтырыңыз. Егер өріс қызыл түспен белгіленсе — қате бар деген сөз (мысалы, email дұрыс форматта емес).

4-қадам: Тіркелуді аяқтаңыз

1. «Тіркелу» батырмасын басыңыз.
2. Сіздің email-ға сайттан хат келеді («Кіріс» папкасында болмаса, «Спам» папкасын тексеріңіз). Хатта растау сілтемесі болады — оны басыңыз, аккаунт белсендіріледі. Егер қате шықса: Барлық өрістердің толтырылғанын тексеріңіз. «Email уже используется» деген хабар шықса — осы email-мен аккаунт бар, басқа email қолданыңыз.

5-қадам: Жеке кабинетке кіріңіз (аккаунтқа кіріңіз) Email-ды растағаннан кейін:

1. Негізгі бетке қайтыңыз: <https://reading-nation.kz>
2. «Кіру» батырмасын табыңыз
3. Оны басыңыз — кіру формасы ашылады.
4. Енгізіңіз:
 - Email (тіркелгенде қолданғаныңыз).
 - Құпия сөз (өзіңіз ойлап тапқаныңыз).
5. «Кіру» батырмасын басыңыз.
6. Дайын! Сіз жеке кабинеттесіз. Мұнда көретіндеріңіз: Өз профиліңіз (сурет, аты-жөніңіз, оқылған кітаптар).

Пайдалы кеңестер

– Оқушыларға: Жеке кабинетіңізді ата-анаңызға немесе мұғаліміңізге көрсетіңіз — олар кітаптармен көмектесе алады. Енді сіз оқуға дайынсыз! Кітап таңдаңыз, оқылды деп белгілеңіз және алғашқы ұпайларыңызды алыңыз. «Кітап оқитын ұлт» жобасында сәттілік тілейміз — кітаптар сіздің ең жақын достарыңыз болсын!

Нұсқаулық «Кітап оқитын ұлт» жобасының қатысушыларына <https://reading-nation.kz/> сайтында оқылған кітапқа пікірді дұрыс жазу және жариялау тәртібі

1. **Жеке кабинетіңізге тіркеліңіз немесе кіріңіз**
 - <https://reading-nation.kz/> сайтына өтіңіз
 - Егер аккаунт болмаса — тіркеліңіз.
 - Email және құпия сөзбен жеке кабинетке кіріңіз.
2. **Кітапты оқылды деп белгілеп, пікір қосыңыз**
 - Жеке кабинетте «Пікір қосу» немесе «Кітапты оқылды деп белгілеу» батырмасын басыңыз.
 - Керекті кітапты іздеу арқылы немесе жалпы тізімнен тауып, таңдаңыз.
3. **Пікір түрін таңдаңыз. Екі нұсқа бар — кез келгенін таңдауға болады:**

А нұсқасы — Мәтіндік пікір

- Көлемі: бос орындармен және тыныс белгілерімен 2000 таңбадан аспауы керек (Word-та қалыпты қаріпте шамамен 1–1,5 бет).
- Міндетті түрде екі бөлім: а) Сюжеттің қысқаша сипаттамасы б) Жеке пікіріңіз: не ұнады, қандай эмоция тудырды кітап, кімге ұсынар едіңіз және неге.

- Сауатты және сыпайы жазыңыз.

Б нұсқасы — Бейнепікір (мәтіннің орнына!)

- Қысқа бейне түсіріңіз (2 минуттан аспасын).
- Бейнеде міндетті түрде:
- Кітаптың атауын және авторын атаңыз.
- Кітаптың не туралы екенін қысқаша айтыңыз.
- Өз пікіріңізді бөлісіңіз: не ұнады, қандай эмоция тудырды, кімге кеңес бересіз.
- Бейнені ашық қолжетімділікте мына әлеуметтік желілердің кез келгеніне жариялаңыз: Instagram (пост немесе Reels), TikTok, YouTube (қалыпты бейне немесе Shorts), Facebook.
- Аккаунт міндетті түрде ашық болуы керек (жабық профиль емес!), модератор жазылмай-ақ көре алуы үшін.
- Бейне сипаттамасына міндетті түрде екі хэштег қойыңыз: **#КітапоқитыҰлт #ЧитающаяНация**
- Жарияланған бейнеге сілтемені көшіріп, сайттағы «Әлеуметтік желілердегі сілтеме» деген арнайы өріске қойыңыз.

4. Пікірді модерацияға жіберіңіз

- «Жіберу» (немесе «Сақтау») батырмасын басыңыз.
- Мәтіндік немесе бейнепікір модераторларға тексеруге жіберіледі.

5. Әрі қарай не болады

- Егер пікір (мәтін немесе бейне) барлық ережеге сай болса — қабылданады, кітап ресми түрде оқылды деп есептеледі.
- Сіз ұпайлар, жетістіктер алып, кітапты оқылғандар тізімінде көресіз.
- Егер түзету қажет болса — модератордың түсініктемесімен хабарлама келеді. Түзетіп, қайта жіберіңіз.

Сәттілік және қызықты кітаптар көп болсын!